



## **Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына арналған «Мағжан әлемі» республикалық фестивалінің БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Астана қаласының білім беру ұйымдарына жеке адамдардың есімдерін беру туралы Астана қаласы әкімдігінің 20.07.23 ж., №107-1442 қаулысына сәйкес 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап №65 мектеп-гимназиясына сыршыл ақын Мағжан Жұмабаевтың есімі берілді. Қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы, Алаш қайраткері, ақын Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толып отыр. Осыған орай, Мағжан Жұмабаевтың өмір жолы мен шығармашылығын, педагогикалық еңбектерін, оқушылар мен педагогтер арасында ақынның поэзиясын насихаттау және дәріптеу, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында «Мағжан әлемі» республикалық фестивалі өткізіледі. Фестивальде ақынның шығармашылығын зерттеуші ғалымдар, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлерінің құнды пікірлері тыңдалып, педагогтер мен білім алушыларға арналған байқаулар ұйымдастырылып, Мағжан Жұмабаевтың мұражай кабинеті ашылады деп күтілуде.

### **Фестивальдің мақсаты:**

Ұлтын сүйген Мағжан Жұмабаевтың әдеби мұрасын өскелең ұрпаққа жеткізу, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарытудағы педагогтердің тәжірибесін тарату, талантты оқушылардың даралықтары мен мүмкіндіктерін таныту және педагогтердің шығармашылық әлеуетін көтеру.

### **Фестивальдің міндеттері:**

- Мағжанның «Педагогика» еңбегі арқылы бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтарды насихаттау;
- Мағжанның поэзиясы арқылы педагог ақындардың шығармашылық әлеуетін арттыру;
- Ақынның өмір жолы мен шығармашылығын драмалық шығармалар арқылы насихаттау, талантты балалардың өнері мен эстетикалық талғамын арттыру;
- Ақынның шығармашылығын қылқаламмен жеткізу, өнерлі балалардың дарынын арттыру;
- Мағжан шығармаларын әлеуметтік желілер арқылы насихаттау;
- Мағжан шығармаларын жаңа көзқараспен шебер үйлестіріп, педагогтердің тәжірибесін тарату.

**Ұйымдастырушылар:** Астана қаласы Білім басқармасы, «Әдістемелік орталығы» МКҚК, «Мағжан Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК.

**Өтетін күні, уақыты:** 18 мамыр 2024 ж. сағ. 09.00.

**Өтетін орны:** Астана қаласы, Ш.Қосшығұлұлы 18/1, Астана қаласы әкімдігінің «Мағжан Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК.

**Қатысушылар:** республикалық орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері, ЖОО оқытушы-профессорлары, докторанттар, магистрлер, ғалымдар, қоғам қайраткерлері.

**Фестиваль бағыттары (номинациялар):**

- «Қазақтың жолбасшысы – мұғалім» Мағжанның «Педагогика» еңбегін негізге ала отырып, TEDx форматындағы педагогикалық оқу;
- «Жан сүйгенім – ол да өлең...» ақын педагогтер байқауы;
- «Мен жастарға сенемін!» ақын шығармашылығы негізінде әдеби сахналық қойылым байқауы;
- «Түркістан – Ер түріктің бесігі ғой...» ақынның шығармасына («Түркістан» поэмасы негізінде) сурет салу байқауы;
- «Жүрген жанның артында ізі қалар» ақынның шығармаларын насихаттау (Тik-tok арқылы буктрейлер) челленджі;
- «Мағжан шығармаларын оқытудағы жаңаша көзқарас» шеберлік сыныбы.

**Өткізу форматы:** офлайн

**Шақырылған қонақтар:**

- Асхат Аймағамбетов – қоғам қайраткері, Қазақстан Мәжілісі VIII шақырылымының депутаты
- Дәулет Мұқаев – қоғам қайраткері, Қазақстан Мәжілісі VIII шақырылымының депутаты

**Пленарлық бөлімнің спикерлері:**

- Исмақова Айгүл Серікқызы – Н.Назарбаев атындағы университеті, филология ғылымының докторы
- Ербол Ердембекұлы Тілешов – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы
- Серік Сейітман – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ALQA радиосының басшысы.
- Сәйдірахман Ұшқын – Ә. Бөкейхан Алаш ғылыми-зерттеу институтының директоры

**Өтетін мекенжай:** Астана қаласы әкімдігінің «Мағжан Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясы» КММ, Ш.Қосшығұлұлы, 18/1.

*Қосымша ақпарат үшін: 87479698943*